



В ЮГУ им. М.Ауэзова с 13 января 2020 года официально стартовала Зимняя школа «AUEZOVUNIVERSITY-2020»

2-бетте



Екі дәуір түйіскен өліра шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр

3-бетте



Абайдың өлеңдерін оқу, білімді болу, өсиетін орындау, үміт ақтар ұрпағы болу - борышымызды абыроймен атқару.

7-бетте

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



№ 1 (200)
24.01. 2020



**2020 жылы -
Абай Құнанбаевтың
туғанына 175 жыл**



Университетте Абайдың тасада қалған туындылары зерттелуде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде ұлы ақын, дана ойшыл, қазақтың жаңа тарихи дәуірдегі реалистік жазба әдебиетінің атасы Абай Құнанбайұлы жайлы «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты көлемді мақаласы жарыққа шықты. Абайды әлемге танытқан М.Әуезов атын меншіктеген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері мақаладан өз бойларына рухани азық алды.

Президент өз мақаласында: «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз», - деді.

Расымен де, Қазақ халқының ұлт ұстазы Абай (Ибраһим) өз халқымен бірге, міне, ХХІ ғасыр межесіне жетіп, ел-жұртымен бірге емен-жарқын жасап жатыр. Өзі кезінде:

*Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, -*

деп айтқандай, шайырдың өзі жоқ болса да, сөзі қалды. Асыл сөз өлмейді. Асыл сөз айта алған адам да, асылы, өлмек емес. Кезінде Абайдың шығармашылық өмірін құнттап, кейінгі ұрпақ үшін алтын сандыққа салып, аманат етіп беріп кеткен М.Әуезов өзінің атағы әлемге жайылған «Абай жолы» роман-эпопеясында: «Алтын терек, арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды! Алдың жарқын, өзің солай сеніп ең... Ана жұртың сені өлді демейді...» деген болатын.

Мемлекет басшысы мақалада азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет екендігін, осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал екендігіне ерекше тоқталып өтті.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 2018 жылдың қараша айында «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылған болатын. Оған белгілі ғалым, абайтанушы, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Мемлекет басшысының қолынан екінші дәрежелі «Барыс» орденіне ие болған, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы жетекшілік етеді. Ғалымдарымыз Мұхтар Әуезовті ғана емес, Ұлы Абай мұрасын зерттеуді тоқтатқан емес.

Орталықтың қызметкерлері М.Әуезовтің мұражай үйіндегі Мүрсейіт қолжазбасына сүйеніп, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының транскрипциясын жасап шықты. Бұл Абайтану тарихында үлкен орын алар ғылыми жаңалық деп білемін. Біз осы кезге дейін аталмыш шығарманың түпнұсқасын оқымай,

қазіргі қазақ тіліндегі аудармасын оқып келгенбіз. Себебі, Мүрсейіт қолжазбасынан бермен қарай Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының түпнұсқасы қазақ оқырманына жетпеген. Ақиқатында, Абай «Китаб тасдиқ» шығармасын шағатай тілінде жазған. Шағатай тілі әр кезде мұсылман-түркі, яки қадымша, яки китаби тіл деп аталып келген. Қазақтың әдеби тілін түрлендірген Абай тек «Китаб тасдиқ» туындысын осылай өзгеше тілмен жазған. Себебі «Китаб тасдиқ» – көркем шығарма емес, ғылыми еңбек, яки трактат. Ал шағатай – бүкіл түрік жұрты мың жыл бойы қолданған ғылыми хәм әдеби ортақ тіл. Ол стильмен кезінде Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи, Насреддин Рағфузи, Сәйф Сарайи, Қадырғали Жайлайырилар жазды.

«Китаб тасдиқ» – осы күнге дейін бағы ашылмай келе жатқан туынды. Оның бағы ашылуы үшін ең әуелі оның түпнұсқасы жариялануы керек еді. Түпнұсқасыз мәтінтану ісі толыққанды бола алмайды. Түпнұсқа сонау баяғы архив сөрелеріндегі Мүрсейіт қолжазбасының ішінде шаң басып, жетімсіреп жатқан еді. Содан бері шығарма А.Байтұрсынұлының жаңаша араб әліпбиімен де, кейінгі латын хәм кирилл алфавитімен де жарық жүзіне шықпай, елеусіз боп қалған болатын. Ал біз оқып жүрген қазақша тәржімә мәтінге өз аты қойылмай, осы күнге дейін «38 қара сөз» деп аталып келген еді. Енді Абайдың ең басты шығармасына өз атын беріп, өзі жазған түпнұсқа тілде ел-жұртқа жеткізу керек деп ойлаймыз. Бұл ұлы данышпанның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында баға жетпес зор сыйлық болар еді деп ойлаймыз.

Абайдың сонау 1995 жылғы 150 жылдық мерейтойында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Әлем халықтарының рухани өміріндегі жарық жұлдыздарының бірі және бірегейі – Абай. Сондықтан да қазақ мәдениетінің тарихындағы осынау ерекше жаратылған құбылыстың мән-маңызын өте жоғары бағалаған ЮНЕСКО өз ұйғарымымен биылғы 1995 жылды Абай жылы деп атады. Бұл – тәуелсіздік туын жаңа ғана тіккен біздің халқымыз үшін үлкен абырой! Есімі адамзат жүрегінде мәңгілік сақталар ұлы тұлғалар Гете, Байрон, Науаи, Пушкиндермен қатар аталар ұлы бабамыздың мерейтойын бүкіл дүние жүзі халықтары бізбен бірге тойлап жатса, еңсесін енді ғана көтерген ел үшін бұл шынында зор мерей емес пе?!

Мемлекет басшысы мақаласында айтқандай, Абай хакім бүгінгі біздің де шын мәнінде «өлмес, өшпес тұрғыласымыз екені анық. Бізге керекті енді сол - «тұрақты нұрды» тұрғылас ретінде тану ғана.

**Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор**

Зимняя школа 2020

В Южно-Казахстанском государственном университете им. М.Ауэзова с 13 января 2020 года официально стартовала Зимняя школа «AUEZOVUNIVERSITY-2020» с привлечением сертифицированных экспертов и тренеров ЮКФ АО «Национальный центр государственной научно-технической экспертизы», «Международного финансового центра Астана», Казахской ассоциации инженерного образования, компании INFORMASCOPE в Центральной Азии, компании LEXISNEXIS (Россия), компании «ELSEVIER» в Центральной Азии, представительства ЮНЕСКО в Казахстане, проектного офиса «Рухани жаңғыру», а также зарубежных вузов - партнеров.



Целью Зимней школы «AUEZOV UNIVERSITY - 2020» было - повышение компетенций и развитие практических навыков у преподавателей и менеджеров структурных подразделений для повышения качества оказания образовательных услуг и бизнес-процессов.

Зимняя школа продлилась пять дней и ежедневно слушатели обучались на нескольких параллельных сессиях.

В первый день, на семинаре были представлены успешные практики студентов, выезжавших в рамках внешней мобильности в зарубежные вузы - партнеры, вызвавший особый интерес слушателей. Обо всех инновациях в данном направлении, а также с внешними изменениями в приказ МОН РК «О

направлении обучающихся за рубеж в рамках академической мобильности» ознакомила Директор Центра Болонского процесса и академической мобильности Хасенова Лаура. Также, выступила начальник Центра международного сотрудничества Турымшаева Арида с презентацией пошагового алгоритма установления сотрудничества с представителями зарубежных ВУЗов-партнеров». Проректором по стратегическому развитию и интернационализации А. Исаковой был проведен Team - Building, с целью командообразования и повышения мотивации топ-менеджеров университета. Второй и третий день были посвящены вопросам подготовки структурных подразделений к ресертификации системы менеджмента качества и передаче опыта и знаний по разработке заявок в рамках программы Erasmus+. Начальник отдела менеджмента качества и мониторинга Джунусбекова С. остановилась подробно на перечне обязательных документов, которые необходимо подготовить для внешнего аудита, какие ошибки допускают сотрудники при аудите. Также, доцент кафедры «Биотехнология» Муталиева Б. - координатор проекта EduEnvi дала подробную информацию по написанию проектной заявки и поделилась опытом участия в проектах.

К концу зимней школы «AUEZOV UNIVERSITY - 2020», на четвертый и пятый день, были привлечены сертифицированные



специалисты с города Алматы и Нур-Султан. Каждый из специалистов провел тренинги касательно тематики школы. Зейнолла Сауле - доктор PhD и сертифицированный проектный менеджер совместно с Омаровой Асель (тренер-коучер) провели тренинг на тему «Системное мышление и анализ данных. Визуализация данных». Также были рассмотрены такие темы как: «Инструменты коммерциализации и науки» и международный рейтинг ВУЗов РК.

Завершающими пунктами были тренинги Г. Мусиной - доктора PhD, бизнес-тренера «Рекрутинг иностранных студентов» и Керимбекова Токтара - тренера компании «ELSEVIER» в Казахстане на тему «ScopusandScienceDirect».

Участникам зимней школы «AUEZOV UNIVERSITY - 2020» предоставилась возможность обменяться накопленным опытом и достижениями. Более того, удалось обсудить актуальные вызовы, стоящие перед мировым образовательным сообществом, а также расширить свои профессиональные навыки и компетенции. Каждому участнику, выданы сертификаты о прохождении тренингов и отдельный сертификат от компании «ELSEVIER».

А.Л. ХАСЕНОВА
Директор Центра Болонского процесса и академической мобильности



Когай Вероника Игоревна

Осенний семестр 2019-2020, университет Туриба, Латвия.

Я, студентка 3 курса проучилась в Латвии, в университете Туриба по академической мобильности. Каждый студент по обмену был проинформирован о новостях и событиях заранее, нашим университетом ЮКГУ им. М.Ауэзова. Учителя были мотивированы и открыты, чтобы поделиться своими знаниями со студентами. Каждое занятие проходило интересно и увлекательно. Все студенты по обмену весело провели время, участв в этом университете. Также у нас была возможность путешествовать по стране, осматривая достопримечательности и знакомясь с культурой страны.



Мы, студенты ЮКГУ им. М.Ауэзова проучились в Стамбульском университете культуры в Турции по академической мобильности. Благодаря мобильности мы приобрели новые навыки по изучению предметов. Узнали о культуре и традициях турецкого народа. Помимо новых знаний мы обрели много новых друзей в Турции. Это был замечательный опыт для нас!



Казакбаева Альфия Канаткызы

Осенний семестр 2019-2020, Стамбульский университет культуры, Турция.

Стамбульский университет культуры был одним из самых удивительных мест, которые я когда-либо посещала! Система образования безупречна, как и качество обслуживания. Все кристально чисто, беспристрастно и система работает плавно. Обучение строится на самостоятельной учебе студентов, практической работе и групповых дискуссиях. Я определенно чувствую, что многому научилась, даже за этот относительно короткий промежуток времени.

Я даже не могу выразить свои чувства словами! Это было действительно лучшее время в моей жизни.

Большое спасибо ЮКГУ им.М.Ауэзова за помощь и поддержку!

Академическая мобильность играет ключевую роль в интеграции Казахстана в международное образовательное пространство и является одной из стратегических задач высшей школы страны.

Центр академической мобильности ЮКГУ им. М.Ауэзова приглашает студентов 2,3,4 курсов пройти обучение в зарубежных вузах-партнерах. Главное требование для участия в программе это знание иностранного языка и высокая академическая успеваемость. Прием документов на осенний семестр начинается с 15 марта, на весенний семестр с 15 сентября.

Ежегодно из средств Республиканского бюджета РК университету выделяются финансовые средства для реализации Программы внешней академической мобильности обучающихся, также мобильность студентов осуществляется за счет внебюджетных средств университета, различных стипендиальных программ и собственных средств обучающихся.

По всем вопросам касательно программы обращайтесь в Центр Болонского процесса и академической мобильности, главный корпус 134, 136 кабинет.

А.Л.ХАСЕНОВА
Директор Центра Болонского процесса и академической мобильности



Тленчиева Айдана Дүйсебайқызы

Осенний семестр 2019-2020, Ясский университет им. А.И. Кузы, Румыния.

Я, студентка ЮКГУ им.М.Ауэзова, поехала учиться по академической мобильности в Румынию в университет им.А.И.Кузы. Качество обслуживания университета было превосходным. Учителя и сами студенты были с нами дружелюбны и приветливы. В ходе обучения узнала много интересного. Более того, я побывала и увидела главные достопримечательности страны. Я очень благодарна нашему университету за предоставленную возможность. У меня появились друзья с Румынии, с которыми я до сих пор поддерживаю связь. Для меня, это было хорошей возможностью некоторое время учиться в Румынии. После обучения за границей у меня появились новые знания и бесценный жизненный опыт.



Тұңғышбай Исмадин Шарафатдинұлы

Осенний семестр 2019-2020, Стамбульский университет культуры, Турция.

Благодаря академической мобильности студентов, я проучилась в Турции. У нас была потрясающая ознакомительная неделя, наполненная разными активными занятиями. Я действительно доволен временем проведенным в Стамбульском университете культуры. Я обучался по новому методу обучения и мне очень понравилось. У меня была возможность путешествовать. Я изучил новый язык и улучшил свои языковые навыки. Живя и участв в Турции, я пережил личностный рост, обрел новое понимание своего личного наследия, культуры и ценностей. Я получил ценные жизненные навыки. Взаимодействие с турками и иностранными студентами позволило мне добиться большего уважения к другим культурам. Кроме того, я укрепил свои лидерские качества и расширил свое мировоззрение. Самым значительным опытом проживания за пределами моей страны было общение с иностранными студентами и поездки в разные страны. Это было потрясающе.



Нәтижелі жоба

Елбасымыздың бастауымен рухты жаңғырту жобасы халық арасында кеңінен қолдау тапты. Шыны керек, өркім әр түрлі оймен түсінгенімен, мейлінше елді алдыға жылжытатын, белсенділікті арттыратын қоғамдық іс- шаралар өткізілуде.

«Рухани жаңғыру» бір жылдық емес, ұзақ процестегі жүйе екені белгілі. Аз уақыт өтсе де, қолға алынған мықты жоба болғандықтан, үлкен ауқымды қамтып, жоғары нәтижелерге жетіп жатыр.

«Бұл жолғы рухани жаңғырудың жөні бөлек, маңызы еліміз үшін айрықша екені даусыз. Оның негізгі ұстыны - Біртұтас Ұлт болу жолына көшіп, кемел келешегімізді жан-жақты әрі терең зерделеуге арналып отыр», - деп жазды сол кезде белгілі жазушы Әлібек Асқаров.

Иә, біз дәл осы «Рухани жаңғыру» ұғымынан күткеніміз көп болды. Тіпті, бағдарламалық мақала жарияланған кезде қазақ халқы түбегейлі баяғы ата-баба дәстүріне бет бұрып, көшпенділік дәуіріне оралады деп күткендер де аз болған жоқ. Алайда Елбасы тура осы түсініктегі адамдар үшін де: «Бірақ, ұлттық кодды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық», - деп тайға таңба басқандай атап көрсетті.

Дегенмен «Рухани жаңғыруды» кез келген жерге тықпалаушылар да табылды. Қазіргі Президентіміз, сол кездегі ҚР Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі «Рухани жаңғыруды» науқаншылдыққа айналдырып, кез келген жерге тели берудің артық екенін айтқан болатын. Бұл жайлы мақаламыздың соңында толығырақ тоқталатын боламыз, әзірге «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы қол жеткізген жетістіктерімізді санап көрейік.

«Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», - деді Елбасы. Нұрсұлтан Әбішұлы атап өткендей, латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. Демек, біз бұл әліпбиге өтуде «тарихи сананы» жаңғырта білдік. 2025 жылға дейін толық ауысып болуды көздеген жоба 2017 жылы 27 қазан күні Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілді. Қазақ тілінің латын әліпбиі нақтыланды.

«Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз», - деген еді Елбасы өз мақаласында. Бүгінге дейін бұл жоба бойынша 30-ға жуық кітап аударылды. Алғашқы жылдың өзінде-ақ алғашқы 18 кітап аударылып, республиканың барлық оқу орындарына таратылды.

Осы жерде мақалада аталған бәсекеге қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы қатарлы басымдықтарына Нұрсұлтан Әбішұлы өзі жауап беріп өткенін байқаймыз. «Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады», - дейді Елбасы өз мақаласында. Демек, біз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көздеген негізгі мақсаттарына жақындай түстік.

«Үшіншіден, қазақ: «Туған жерге туынды тік», - деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - деді Елба-

сы. Дей тұрғанмен, біз үшін осы үшінші бағдарламалық басымдықтың күңгірт тұсы көп. Себебі, әуелі Ақтөбе облысы бастап, сол өңірден шыққан танымал азаматтардың форумын өткізді, мұнан соң Жамбыл, ШҚО қатарлы облыстар жалғастырды да, соңы сырықұйымшақтанып кетті. Әрине, жеке-леген азаматтар, кәсіпкерлер тарапынан өз туып-өскен жеріне пайдасы тиіп жатуы мүмкін. Дегенмен, Елбасы айтқандай, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздеген еді.

«Туған жер» бағдарламасының ауыз толтырып айтарлық ең тындырымды ісі Көкшетауда, ШҚО-да 100-ден астам көшенің атауын және Зырян қаласының атауын «Алтай» деп өзгерту болды.

«Төртіншіден, ...біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек», - деді Елбасы.

Еліміздің негізгі рухани құндылықтарын ерекше түлеткен, халықтың тарихи жадын дүр сілкіндірген жоба осы «Қасиетті Қазақстан картасы» бағдарламасы болды.

Осы жоба бойынша жалпыұлттық деңгейдегі 100 нысан толық жасалып шықты. Бірақ жеке-ле алғанда 185 объектіні құрайды.

«Бесіншіден, заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз», - деді Нұрсұлтан Назарбаев өз мақаласында.

Бұл сала бойынша ең бір табысты болған жоба - Киноматография туралы заңның қабылдануы. Сонымен қатар, Елбасының тікелей тапсырмасымен «Қазақ хандығы» тарихи сериалының түсірілуі мен түрлі деңгейдегі тарихи фильмдердің өмірге келуі де осы бағдарлама аясында жүзеге асты деуге әбден болады. Тағы бір ұлт жадын жаңғыртқан ерекше сәт – Елбасының тікелей тапсырмасымен 1 шілде «Ұлттық домбыра күні» деп жариялануы. Сонымен қатар, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша үздік туындылардың тізімі жасалды. Оған әдебиет саласындағы 216, «театр, кино және хореография» жанрындағы 48, бейнелеу өнері бойынша 182 және музыка саласындағы 200-ден астам шығарма енгізілді. Туындыларды алдын-ала іріктеу қоғамдық талқылауды ескере отырып жасалды.

Осы орайда, өз талантымен әлемді мойындатқан дарын иесі Димаш Құдайберганның шетелдерде өткізіп жатқан концерттері де «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениетті» дамытуға қосылған айрықша үлес деп қарауға болады. Мұндай «жаңғыруларды» санай берсек, бір мақала емес, бәлкім, повесть жазуға болатын шығар. Осы жерден тоқтап, сөзімізді Елбасы сөзімен аяқтасaq:

«Екі дәуір түйіскен өліра шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр».

Гүлжадра ТАҒАЙ,
Ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебі факультетінің аға оқытушысы, магистр,
Жомарт ЖАҚСЫЛЫҚ,
Ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебі оқытушысы, магистр



Бейнелеу өнеріндегі құндылық

Сұлулықты сезіну үшін, сұлулықтың өзін көркемдеп, әдемілігін одан ары арттыру керек. Көркемдеу - кескіндеменің ең негізгі шарттарының бірі. Сурет салудың артықшылығы – ұқсастық. Дәл осы ұқсастықтан көпшілік көре алмайтын дүниелерді өнер адамы сезінеді. Көру мен көре білу екеуі екі бөлек нәрсе. Өзге адамдардан өнер адамдарының айырмашылығы осында.

Өнер адамды биіктен көрсетпейді, керісінше, өнерді адам биіктетеді. Еңбектенбеген жан қалайша биіктен көрнеді?! Шындықты бейнелейтін шыншыл адам қалайша өзіне қарсы шыға алады?! Өнердің құндылығын сақтайтұғын-шындық. Әр дәуірдің өзіндік шындығын айтып, өзіне тиесілі жетістіктерін көрсететұғын осы кескіндеме емес пе?!

Халық мұрасы халыққа тиесілі, өнер халық игілігі үшін арналған, сондықтан да өнердің бағасын халықтың өзі береді. Біздің айтқымыз келгені - өнердің құндылығын жоғалтып алмау?!

Бейнелеу өнерінің негізі – болмыстың шынайы бейнесін көркем образ түрінде сомдау. Өнер адамдары шығарма жазу арқылы жан-дүниесін рухани байытып, ұлттық болмысын қалыптастырады. Осыған сәйкес **«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»** аясындағы **«Ұлы даланың жеті қыры»** атты Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің халыққа Жолдауында **//EGEMEN KAZAQSTAN //** атап көрсетілген бағытына тоқталайық.

I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт
Мұндағы айтылған ой Қазақ халқының өнер тарихын зерттеп, зерделеуге арналған сынды көрініс маған. Өйткені мұнда 7 бағыт мәдениетіміздің сонау алғашқы қауым уақытындағы аң стилі, керек десеңіз, орта ғасыр мұрасы саналатын Алтын адам, сонымен қатар түркі дүниетанымының өнері кеңінен берілген. Дәл осы берілген тақырыптық бөлімдердің бейнелеу өнеріндегі түрлі жанрлық бағыт аясындағы орны ерекше.

II. Тарихи сананы жаңғырту
Екінші тараудағы 6 бағыттың 3 бағыты бейнелеу өнерінің рухани жаңғыруына негізгі себеп бола алады деп айлаймын. Себебі бұл бағыттар рухани дамудың ең негізгі принциптерінің бірі саналса, ал өнердің дамуын қалыптастыратын ұғымдардың бірі бола алады.

III. Ұлы даланың ұлы есімдері
Қазақстандағы кәсіби кескіндеме өнерінің алыптары саналатын Ә.Қастеев, Қ.Қожықов, Х.Наурызбайев, К.Шаяхметов секілді суретшілердің туындыларын айтуға сөз жетпейді. Рухани құндылығы мол, ұлттық бояуларға қанық төл туындылардың айтар өз ойлары мол. Енді осы Ұлы даланың перзентіне айналған халық суретшілеріне тоқталар болсақ.

Ә. Қастеев – көсіле жазуға бейім суретші. Автордың композициялық, тарихи туындыларының түпкі төркіні бір орталық бағыттан өрби жайылатын, лирикалық жағы басым, эпикаға толы шығармалар көптеп кездесіп жатады. Суретші - ұлы даламыздың ұлы есіміне әбден лайықты тұлға.

X. Наурызбайев – қазақ халқының мәдениет қайраткерлерінің портреттік галереясын тұңғыш жасаған суретшілердің бірі. Қазақ суретшісінің орыс, украин және өзбек ағайындардан, құрдастарынан өзгешеленетін өзіндік әдіс-тәсілді қалыптастырды. Тұлғаның осындай еңбегін ескере отырып, Ұлы даланың ұлы есіміне лайықты нағыз тұлға деп нық сеніммен айта аламын.

Қ. Қожықовтың төл туындылары өзіне тән ерекшеліктерімен көпшілік қауымға түрлі ой салады. Авторлық шығармалар кешегі өткен уақыттың өмір-салтын, тұрмыс-тіршілігін бейнелейді, шабыт аясындағы романтикаға толы туындылары ой салып қана қоймай, болмысты рухани байытады. Болмыстың рухани дамуына бағытталған төл туындылар өнер адамын Ұлы даланың ұлы есімдері қатарынан көрсетті дер едім.

III. Түркі әлемінің генезисі

Қазақстанды мекендеген көне түркілердің өнері мен мәдениеті халықтың құрылымдық руханиятын қалыптастырған кең байтақ даламыздың көшпелі өмір салтымен байланысты. Бұл бағдардың өнер саласында өте тиімділігі, өткенді зерттеп, түркі дүниесінің бір-бірімен ұштасқан рухани құндылықтарын ұғынуға жетелейді. Бұл шығармашыл жандарға таптырмас дүние дер едім.

IV. Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі

Идеяның түпкі төркіні, ойдың ұшқырлығы, кең-байтақ жеріміздің мәдениеті мен салт-дәстүрі, жылдар бойы қалыптасып келген тарихи көне Ұлытау төсіндегі жәдігерлер кешені, Жер жәннаты Жетісудың киелі жерлері, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі шын мәнінде ұлттымыздың мәдени – гинетикалық кодының негізі және өзегі деуімізге бірден-бір себеп бола алады! Осыдан бір-екі жыл бұрын **«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»** бағдарламасында берілген **«Мәдени мұра», «Тарихи – мәдени ескерткіштер», «Туған жер»** сынды іс – шаралар жүргізілген болатын. Осы тақырыптар негізінде кескіндеме саласы бойынша жұмыс жасаған едік.



Жалпы, қоршаған орта мен адамның рухани байланысын ұштастыратын – сурет өнері!

Кескіндеме өнері тарих тағылымдарының жалпылама жиынтығы деп түсінемін. Мұндағы салынатын әрбір туындының тақырыптық идеясы Тарихтың шынайы қойылымдары мен ондағы кейіпкерлеріне арналады. Мысалы, суретшілердің басым көпшілігі дәл осы бағдарламаға сәйкес **«Отырар қаласы», «Көне Түркістан», «Сарайшық», «Алып шаһар ойраны»** сынды, мәдени мұраға айналған көне қалалар, сарайшықтар мен кесенелердің тарихына қатысты шығармашылық жұмыстар жазған.

Сонымен қорыта айтар болсам, өнер – ол рухани жетілудің кілті, оны жойып жіберетін күш жоқ. Сондықтан да ол ұлы құдіретті күшке ие. Өнерді сүйген жан мына әлемді басқаша сезінеді. Оған дәлелді автордың қиялынан туған картиналарынан байқауға болады.

П.Т.ИБРАИМОВА,
«Бейнелеу өнері және дизайн»
кафедрасының аға оқытушысы,
Ж.САТАНОВА,
ПИК-18-10к тобының студенті

Латын әліпбиі – ғылым мен техника тілі



Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі - қазақ тілінің латын графикасына көшуі. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын қарпіне көшіру мәселесі туралы еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап ғылыми ортада сөз қозғала бастаған еді. Елбасымыз Н.Назарбаев өз Жолдауында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Латын қарпі – ғылым мен техниканың тілі. «Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты - қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазақстан жұртшылығы Елбасының бұл идеясын қолдады, жақында баспасөзде латын әліпбиіне көшудің түрлі жолдары туралы мақалалар шыға бастады.

1992 жылы Түркияда бұрынғы КСРО түркі халықтарының құрылтайы өтті. Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі түркітілдес халықтардың жазуын латын графикасына көшіру мәселесі болды. Делегация мүшелері содан кейін бұл идеяны үлкен ықыласпен қабылдады. Әзірбайжандар,

түрікмендер, өзбектер латын әліпбиіне көшті. Қазақстандықтар уақытты босқа өткізбеді, біздің егеменді мемлекетіміз күшейіп, әлеуметтік және нарықтық реформалардың нәтижесінде елдің тұрақты және қарқынды дамып келе жатқан қоғамдық-саяси имиджінің қалыптасу кезеңі өтті.

Қазіргі уақытта жаңа әліпбидің көптеген жобалары бар.

Кейбіреулер алфавиттің өзгеруі нәтижесінде мемлекет пен адамдар Ресейден, орыс мәдениетінен алыстап, кирилл алфавитіне негізделген тұтас мәдени қабат жоғалады деп санайды. «2050 жылғы қазақстандықтар - үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдар қоғамы» делінген Жолдауда. Жас қазақ ұлтының әлеуеті зор. Жастар білім жағынан ешкімнен кем түспейді, мұны біздің оқушыларымыз бен студенттеріміз жүлделі орындарға ие болған әртүрлі халықаралық жарыстар, байқаулардан байқауға болады.

И.Ю.ИРИСТАЕВ,
ММГ – 18-3Р тобының студенті,
И.А.ЕСБОЛАЕВА,
ғылыми жетекші, филология магистрі,
аға оқытушы



Bookdating - кітап әуесқойлары алаңы

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында: «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын», - деген болатын.

Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру жастардың жауапкершілігінде. «Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір», - дейді дана халқымыз. Әрбір өсіп келе жатқан ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынды жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі, олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Студенттердің оқу мәдениетін жандандыру және дамыту, жастардың зияткерлік қоғамдастығын шоғырландыру, отандық жазушыларды қолдау, міндетті оқуға арналған кітаптардың өз нұсқасын құру, кітапсүйгіштер арасында сұхбат үшін бірегей алаң құру мақсатында Ақпараттық білім беру орталығының директоры Н.Рыбалкинаның бастамасымен алғаш рет М.Әуезов атындағы ОҚМУ қабырғасында «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығында BookDating (өзіңмен сүйікті кітабыңды ал) – түрлі тақырыптағы және бағыттағы кітаптарды талқылау бойынша тиімді, заманауи және зияткерлік алаң ұйымдастырылды. Іс-шараға әр түрлі факультеттердің студенттері, «Ақиқат» және «Достық» жастар клубының белсенділері, оқытушылар мен АББО қызметкерлері жиналды.

BookDating форматы бойынша іс-шара екі бөлімнен өтті. Іс-шараның бірінші бөлімінде

ф.ғ.к., профессор Т.Қалдыбаев ұсынған, қонақтың дүниетанымын өзгерткен М.Әбдіқұлұлының «Ақпан батыр», М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романы туралы айтылды. АББО-ның сектор меңгерушісі С.Балтабекова қатысушыларды Т.Қалдыбаевтың өмірі мен шығармашылығымен таныстырды.

Студенттерге кітап оқудың пайдасы мен осындай іс-шаралардың маңыздылығы туралы ф.ғ.к. Б.М.Бекетов, ф.ғ.к., доцент А.Б.Қалшабеков, тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры С.А.Мәжінбеков, АББО директоры Н.В.Рыбалкина слайдтар көрсету арқылы өз пікірлерін білдірді.

Екінші бөлімде студенттер «Менің сүйікті кітабым» айдарымен олардың өмірінде оң із қалдырған, өздерінің сүйікті шығармалары туралы айтып, өзара кітап алмасты. Іс-шараның осы бөлігінің міндетті шарты – қатысушының қолында кітаптың болуы. «BookDating» жобасы қатысушыларға жаңа туындыларды табуға, қызықты адамдармен танысуға және дамуға мүмкіндік береді.


Bookdating кітап әуесқойларының интеллектуалдық алаңы өзін әр түрлі тақырыптағы және бағыттағы кітаптарды талқылауға арналған тиімді, заманауи және прогрессивті алаң ретінде көрсетті.

Технология дамыған сайын кітап оқушылар қарасы азайып бара жатқандығы жасырын емес. Ұялы телефон мен планшеттерінен-ақ кітап оқуды жөн санайтындар қатары көбеюде. Сонда да кітапты қолға ұстап, беттерін парақтап оқудан рахат табатындар да жоғалмаған болар? Бүгінгі жастар оқиды ма? Иә, әрине, оқиды, біз оған бүгін көз жеткіздік!

Қазақстанның жарқын болашағы – біздің, қазақ жастарының қолында!

Г.К.МЫНБАЕВА,
АББО директорының орынбасары

Болашаққа серпіліс



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 6 бағытқа басымдық берілген. Соның бірі - білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру. Осы орайда облыс бойынша ауқымы кең жұмыстар атқарылып келеді.

Құндылықтар жүйесінде тек білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана зор табысқа жетеді. Жастар басымдық беретін межелердің қатарында білімнің үнемі бірінші орында тұруы шарт. Бұл - Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған ойы. Іргелі ілім үйрету арқылы шәкірттерді шынайы патриот қылып қалыптастыруға болады. Бүгінгі әлемдік бәсекелестік заманында бізге сергектік пен серпіліс керек. Президент ұсынған тың идеялар - жаңа нәтижелі көзқарастарға бастайтын серпіліс. Бұл ретте барлық оқу орындары қоғамдық сананы жаңғыртудың қозғаушы күші болуы тиіс. Төл тарихымызды білу – парыз. Өткенге зер салмай, болашақты болжауға болмайтындығын түйсінетін уақыт та келіп жетті. Сол себепті балаларды ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, діліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде қалыптастыру барысында ең негізгі сын да, салмақ та ұстаздарға артылатыны түсінікті.

«Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсіпін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімді және білікті адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген жолдар әр ұлт болашағына ой салары анық, бұл жолдар еліміздің ұлтжанды жастарының жастанып жатқан құндылығы болуы тиіс. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда.

Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы» кафедрасының да ұстанып отырған бағыты Елбасының болашаққа болжаған кемел бағытымен ұштасуда. Қазіргі таңда университетімізде үш тілде білім беру бағдарламасы қалыптасқан. Үш тіл немесе одан да көп тіл білетін жастарымыздың қатары күн санап көбейіп келеді. Олар өз туған тілін, тарихын, салт-дәстүрін жақсы біледі, өте білімді жастар. Олар – біздің қуанышымыз. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана

қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Біздің ұстаздарды осындай қасиеттері жетерлік деп мақтанышпен айта аламыз. Болашақта белгілі маман иесі боламын деген жастарға кәсіптік бағдар жұмысын мектеп қабырғасынан дұрыс жүргізу қажет. Қазіргі таңда тоқыма саласының мамандары жоғары сұранысқа ие. Бұлай деп айтуымыздың өзіндік себебі бар. Облысымызда тоқыма өнеркәсібінің қарыштап дамып жатқан жайы бар. Оған дәлел - «Оңтүстік» АЭА-да бүгінде жалпы құны 22,6 млрд теңгені құрайтын 1445 жаңа жұмыс орнының ашылуына мүмкіндік берген 8 жоба жұмыс істеуде. Мұндағы «Azala textile» фабрикасы мақта мен жүннен жіп иірумен айналысса, «АГФ-Групп» тігін фабрикасы тігін өнімдерін шығарады, «Хлопкопром-Целлюлозада» мақта целлюлозасы шығарылады. «Шымкент-Кашемир» дайын тоқыма бұйымдарын өндіріп, енді қой және түйе жүнінен көрпе тигуді қолға алмақ. «Қағаз-шахар» картон-қағаз өндірісімен айналысса, «Бал текстиль» мен «Назар текстильде» кілем тоқылады. Яғни, бұл аймақ Оңтүстікте жеңіл өнеркәсіпті, оның ішінде тоқыма өнеркәсібін дамыту мақсатында ашылған.

Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарға, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымы Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, жаңа жағдайдағы рухани жаңғыру баршамыздан жаһандық өзгерістерге және жаңашылдықтарға дайындықты және ұмтылысты қажет етеді. Өйткені, біз айрықша серпінділікпен жылжып жатқан зымыран уақытта өмір сүрудеміз. Әлемге танымал америкалық экономист Джон Коттер өткен ғасырдың 90-жылдары өзінің «Өзгерістердің алдында» атты кітабында бәсекелестерден ілгері болу үшін міндетті түрде өзгерістерді алдынала біліп, оны басқара білу қажеттілігін айтқан болатын. Аталған тезис біздің заманымызда да өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын, болашағымыз кемел. Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Ш.Қ. БЕЙСЕНБАЕВА,
Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебінің Оқу және оқу - әдістемелік жұмысы жөніндегі декан орынбасары,
С.М. КОНЫСБЕКОВ,
Тоқыма және тамақ инженериясы жоғары мектебінің Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары



Живи, процветай, мой независимый Казахстан!

Казахстан – это имя страны,
Казахстан – это имя весны,
Казахстан – это солнечный свет,
Казахстан – это крылья побед!!!

Родина – это место, где мы родились и выросли. Сердце ребенка никогда не забудет нежный взгляд матери, которая дала дорогу в большую жизнь. Нашей главной целью было создание независимого Казахстана. Построили новую столицу страны – Астану, ныне город - Нур-Султан.

Казахстан — многонациональная страна, где сегодня в дружбе и согласии проживают представители более 130 наций и народностей. Сегодня все граждане Казахстана имеют равные права и возможности. Несмотря на этническое, культурное и религиозное многообразие, мы сохранили в стране мир и политическую стабильность. Гражданский мир и межнациональное согласие – наша главная ценность.

Мир и согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране справедливо признаны мировым эталоном.

Впервые в истории наше государство обрело четкие, международно признанные границы. В Конституции Республики Казахстан, вне зависимости от национальности и религиозной принадлежности, в ст. 19 четко закреплено такое положение: «Каждый имеет право на пользование родным языком и культурой, на свободный выбор языка общения, воспитания и творчества». Вместе

с тем, проживающие в нашем государстве представители различных национальностей и этносов, ощущают себя неразрывной частью единого народа Казахстана.

«Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них» - Абай Кунанбаев.

Велика наша родина – Казахстан. Многонациональна наша республика: казахи и русские, украинцы и белорусы, татары и немцы, корейцы и поляки, узбеки и уйгуры, туркмены и многие-многие другие. Каждый народ имеет богатую культуру.

И мы студенты группы ФИ-16/2р филологического факультета ЮКГУ им.М.Ауэзова бок о бок учимся вот уже четыре года с туркменами, узбеками. Наша группа интернациональная. Мы должны научиться жить в сосуществовании культур и религий. Мы должны быть привержены диалогу культур и цивилизаций.

«Мәңгілік Ел» – это национальная идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков, это Независимый Казахстан, национальное единство, мир и согласие в нашем обществе.

Ф.А. БАХТИБАЕВА
Куратор группы ФИ-16/2р
М. ОРЫНБЕКОВ староста группы



Биіктерді бағындырар дара жол

Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркендеттің өрге жүзімен байланыстырамыз. Елбасымыз «Рухани жаңғырудың» бірнеше принциптерін ұсынды:

Бәсекелестік қабілет.

Ғаламдандудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты.

Прагматизм.

Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межеленген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды.

Ұлттық бірегейлікті сақтау.

Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бойымызда жалынды, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатынын ескертті.

Білімнің салтанат құруы.

Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні білімді жастардың қолында екеніне баса назар аударды.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

XX ғасыр қасіреттерін қаперімізге сақтап, одан сабақ алу және де дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетінін нақты мысалдармен дәлелдеп берді. Революциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екені туралы ой қорытты.

Қорыта айтқанда, бұл Елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеуі деп білемін.

Ішкі руханиятымыз арқылы сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуде көшбасшымыз бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт-бағдар берді.

Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық!

Сәкен САҒЫНДЫҚ,
МЛП-18-2нр –тобының магистрі,
Даулет ДОШАНОВ,
аға оқытушы, PhD докторы

Конкурс Научно-исследовательских и творческих проектов

Итоги II-го Конкурса Научно-исследовательских и творческих проектов среди учащихся 9-11 классов средних общеобразовательных, I-II курса технических и профессиональных учебных заведений г.Шымкент и Туркестанской области



12 декабря 2019 года, при Международной научной конференции, посвященной 125-летию выдающегося общественного и государственного деятеля Турара Рыскулова «НЕЗАБВЕННЫЕ ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ КАЗАХСКОЙ НАЦИИ», Малая Академия юных исследователей и творцов «Мұра»-«Наследие» Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова подвела итоги II-го Конкурса НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ И ТВОРЧЕСКИХ ПРОЕКТОВ, среди учащихся 9-11 классов средних общеобразовательных, I-II курса технических и профессиональных учебных заведений.

Напомним, что Конкурс проведен в рамках программы «Рухани Жаңғыру» и «Семь граней Великой степи», объявлен с 3 сентября по 12 декабря 2019 года, прошел в III этапа,

где поступили более 60 проектов. 15 ноября 2019 года, на II туре учащиеся г.Шымкент и Туркестанской области защитили свои проекты по секции история Казахстана, всемирная история, археология, этнокультуроведение, международные отношения, филология, педагогика и творческие направления. Все участники II тура получили сертификаты участников, а лучшие 22 проекта прошли в III тур Конкурса.

Экспертная комиссия поблагодарила участников высоко оценив стремление учащихся к научным разработкам, преподавателей школ и колледжей за активное участие и подготовку конкурсантов, объявила результаты защиты учащимися научно-исследовательских и творческих проектов, присудила активным участникам похвальные грамоты, дипломы I,II,III степени.

5-ти участникам - ученику школы-лицея №9 им. О.Жолдасбекова г.Шымкент - Тоханову Ә.Қ. по теме: «КИЕЛІ АҚ-МЕШІТ ҮНГІРІНІҢ ҚАСИЕТІ»; ученице 11 класса школы-гимназии №26 им. Ж.Жабаева г.Шымкент - Асылхан Н.Д. на тему: «МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ АРТ-ТЕРАПИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»; ученице 11 класса школы-гимназии №11 «Женіс» с.Жетісай Туркестанской области - Шаймырза А. на тему: «ШОЛПЫ, ШАШБАУ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТІЛДІК ТАҢБАСЫ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ МАНЫЗЫ»; ученику 11 класса Зұлпыхарову А.Т. средней школы №30 им.О.Жандосова на тему: «АТҚА МІНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДАСЫ»; ученику школы-гимназии №65 им.Ы.Алтынсарина Мусаеву Ж.Э. на тему: «ОҢТҮСТІК КАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЙЛЕНУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР: ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ» были вручены дипломы По-

бедителя и сборник Материалов Международной научной конференции, где отдельной секцией опубликованы научные проекты Победителей II Конкурса.

Коллектив Научно-исследовательского управления и Малой Академии «Мұра»-«Наследие» ЮКГУ им.М.Ауэзова благодарит Управление образования г.Шымкент и Туркестанской области, за активное содействие и привлечение педагогов-исследователей и учащихся в работу II-го Конкурса, а также поздравляет всех участников и желает творческих успехов и побед на республиканских и международных аренах, которые достойно представят наше молодое поколение в сфере научных исследований и творческих проектов Казахстана.

Шолпан ТОРГАУТОВА
главный специалист Научно-исследовательского управления,
руководитель Малой Академии юных исследователей и творцов «Мұра»-«Наследие» ЮКГУ им.М.Ауэзова



Мамандығымыз - Мақтаншымыз



Mamandıq tandaw - taǵdırıńdı tańdaw degen sóz. Keyingi ómirde ókinbeytindey, óz qabiletimizge say kásip túrin tańdadıq pa jáne osı mamandıǵımız arqılı memleketimizge qanday baǵalı úles qosa alamız?

Bul - óte jawapkershilikti jáne mańızdı isterdiń biri. Osı suraqtı ózimizge qoya otırıp, biz óz armandarımızben qızıǵwshılıǵımız arqasında, búgingi kúni qazaqtıń ulı jazwshısı M.Áwezov atındaǵı Óntústik Qazaqstan Memleketlik wñiversitetiniń «Veterinarlıq medicína» mamandıǵınıń 3 kwrs stwdenti atanıp otırımız. Biz mamandıǵımızdıń paydalı jáne osal tustarın saralay otırıp, qoǵamdaǵı róliniń óte joǵarı ekenin bayqadıq.

Veterinarlıq medicína mamandıǵınıń paydası orasan zor, onı kez kelgen adam túsine bermeydi. «Medicína adamdı emdese, veterinarıya búkil adamzattı emdeydi» demekshi, búkil adamzattıń taǵdırı veterinarıya mamandarınıń qolında. Veterinarıya mamandarı óz ómirlerin qaterge tipip jumıs jasaydı.

Bul mamandıq sabırılıqtı talap etedi, sebebi janwarlardıń tilsiz janın túsine bilw ońay sharwa emes. Sonimen qatar batıldılıq, shıdamdılıq, erik-jigerli, muqıyattılıq sekildi qasietterge ie bolw qajet dep bilemiz.

Bizge bar bilgelerin aytıp, tájiribe júzinde kórsetip jatır. Janwarlarǵa arnalǵan tájiribelerimizdi sóz júzinde ğana emes, ózimiz qoldan jasap kórwge arnalǵan klínikamız bar.

Tek oqwmen ğana shektelmei «Vetmedicína» mamandıǵınıń stwdentteri oqıtqwshılarmen birge fakwltette jáne wñiversitette ótkiziletin is-sharalarǵa belsendi qatıladı. Osınday is-sharalar ótkizilwi úşin vkd kafedrasınıń aǵa oqıtqwshısı A.Á.Qambarov bastawımen stwdentterge arnalǵan «Suñqar» attı uyım ashılǵan.

Айнур ЖУНИСПАЕВА,
Маржан НАЗАН,
Алтынбек ҚАМБАРОВ,
АШҒ жоғары мектебінің аға оқытушысы, жетекшісі

Адам болмысы жайында...

Жуырда «Құрылыс және көлік» факультетінде «Абайдың кара сөздері» атты іс-шара өткізіліп, онда факультетіміздің оқытушылары мен студенттері өз ойларын білдіріп, Абай шығармаларынан үзінді келтірді. Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, белсенді ат салысты. Интерактивті тақта арқылы Абай өмірінен бейнероликтер көрсетілді.

«Қара сөздер» - қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірінің соңғы жылдары жазған пәлсапалық шығармасы. Барлығы 45 кара сөзден (тараудан) тұрады. Бұған «Біреп сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген тарихи мақаласы да қосылады. «Абайдың кара сөздерінің» соңғы нұсқасы Абай шығармаларын жинақтаушы, көшіріп, насихаттаушы Мүрсейіт Бікеұлының 1905, 1907 және 1910 жылдардағы қолжазбалары бойынша жарияланып келеді. Кара сөздердің бірнешеуі алғаш 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен «Абайдың кара сөздері» орыс, қытай, француз, т.б. көптеген шет ел тілдеріне аударылды. «Қара сөздер» атауының мағынасы өлең сөз дегенді білдірмейді. Кара сөз проза ұғымында айтылған. Кара сөзді еркін ой білдірудің түрі деп түсінуімізге болады. Ақын

өлеңдерінің кейбір күрделі тұстары кара сөзінде түсіндірілген. Бұл Абайдың бірсыпыра өлеңдерін, алдымен, кара сөздеріндегі кейбір ойларды ұғынып барып қабылдауға мүмкіндік береді. Абайдың кара сөздерін сыншылдық, ойшылдық, көбіне адамгершілік мәселелеріне арналған өсиет, толғау деуге болады. «Қара сөздердің» тақырыбы біреу-ақ, ол - адам болмысы. «Қара сөздердегі» әрбір сөз осы тақырыпты кеңірек ашуға мол мүмкіндік береді. Шығарма тек бір халықтың не ұлттың еншісіне қатысты мәселелерді айтумен ғана шектелмеген. Онда ғұламаларды жылдар бойы толғандырып келген мәселелерге талдау жасалған. Сондықтан да Абайдың кара сөздері - әлемдік өркениетте өзіндік орны бар қайталанбас мәдени мұралардың бірі. Абай өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшін тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп, осыдан жирендіңдер деп өсиет етеді.

Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған, алайда еш мағынасы жоқ мақалдарды сынай отырып, оқырманға оның дұрыс-бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Кара сөздерінің қайсысы бол-

масын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп, әсерлі етуге барын салғандығы маған ерекше ұнайды.

Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тауға әбден болады. Себебі қайсыбірін оқысаңыз да, санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түсетіні анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған кара сөздерден ерекше қуат, мотивация алатын жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы кара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте, ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 кара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да, алдағы уақытта көбейетініне сенемін. Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?! Ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бірге ұстап, Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек, келешегіміз жарқын, болашағымыз баянды болары сөзсіз!

Г.У.АНАРТАЕВА, доцент, п.ғ.к.
М.А.МУСАНТАЕВА,
магистр, аға оқытушы
К.Ә.КУМЕК,
СМ-17-1к1 тобының студенті

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – әрбір азаматтың міндеті



Бұл мақалада жемқорлықтың жалпы қоғамға, біздің өмірімізге әкеліп жатқан, болашақта әкелетін кері әсері туралы баяндалған. Себептерін нақтылап қана қоймай, соны шешудің және шешу барысында пайда болатын кедергілерді жою туралы өзіміз көзқарасымды, ойымды жаздым.

Сыбайлас жемқорлық – өркениетпен, қоғаммен дамып келе жатқан індет. Қазір де көпшілік қауымның арманы - материалдық жағынан бай болу, бірақ рухани жағынан емес. Сол бай болу мақсатында алдауға, оңай ақша табуға, пара алуға, тіпті, ар-намысын таптауға дейін барып жатыр. Солардың бірден-бір себебі-рухани жағынан әлсіздігі. Егер адам рухани бай болса, ондай қоғамға қауіпті, жемқорлық сияқты лас істерден аулақ болады.

Бізде қоғамның қай саласын алсаңыз да, бұл дерт өршіп тұр. Ең ауыры-медицина, білім беру, құқық қорғау саласы. Бұл мемлекеттің жемқорлық деген дерттің алдында әлсіздігін білдіреді. Денсаулық саласында жемқорлықтың өрбуі - адам тағдырымен ойнау. Мысалы, сіз бас дәрігерсіз, жұмысқа (пара алу арқылы) өз ісін жақсы білмейтін қызметкер қабылдадыңыз. Олар сізді емдемеуі мүмкін, тіпті сіз оларда қаралмайсыз да, себебі сіз олардың өз ісін кәсіби деңгейде білмейтінін білесіз, ал басқалар білмейді ғой мұны. Арты неге әкеп соғатынын ойлаудың да қажеті болмас. Білім беру саласындағы сыбайластыққа келсек, «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» демекші, егер ұстаздар сауатсыз болса, бүтін бір ұрпақ сауатсыз болады. Сондықтан да осы салада жүрген азаматтар ойлану керек, «осы ісімнің кесірі көпке, келешек ұрпағыма, жастарға тимейді ме екен?»-деп. Үшінші мәселе - құқық

қорғау саласындағы сыбайластық. Ақша үшін дұрысты дұрыс емес, жазықтыны жазықсыз деп шығарып жатқан жайымыз бар. Өкініштісі, біз үшін қалыпты нәрсеге айналып кеткен.

Нашақорлық, алкогольдік ішімдіктер қоғамды, ұлтты бірден жойып жібереді, ал жемқорлық баяу, бірақ түбімен жойып жібереді, ұлт арасына іріткі салады. Жемқорлықтың басты себептерінің бірі – халықтың әл-ауқатының төмендігі, екіншісі - қанағатсыздық, үшіншісі - оңай жол іздеу. Сыбайластықты жою үшін қаншама шаралар, реформалар жасалынды, бірақ тиісті деңгейде орындалмай жатқандықтан, нәтижесі де көңіл көншітерлік емес. «Балық басынан шіріді» демекші, бірінші сол іс-шараларға жауапты тұлғаларды таңдағанда ел сеніміне кірген, өзінің қызметі арқылы еліне танылған, адал жұмыс жасайтын тұлғаны басшы ретінде қою керек. Екіншіден, заңды және оның орындалуын күшейту керек. Егер де барлық іс-әрекеттер тиісті түрде, заңға сәйкес орындалып жатса, онда нәтижесі көңіл толарлықтай болатын еді. Үгіт-насихат жұмыстарын бірінші басшылар, қызметкерлер арасында жүргізу керек, одан кейін қарапайым халық арасында жүргізе болады. Себебі, қарапайым халық кішкене бала іспеттес, ол айтқанды емес, көргенді істейді. Үшінші, білім беру ордаларында, мектепте балаларға адамгершілік, имандылық,

Отанға деген сүйіспеншілік сияқты сезімдерді қалыптастыру керек. Имандылығы мен адамгершілігі мол баладан өз туған өлкесін сүйетін, халық деп жүрегі соғатын жастар шығады. Ал ондай жастар жемқорлық секілді дерттен, лас тірліктен аулақ болады. Төртінші ұсыныс: халықтың жағдайын жақсарту керек. Бесінші ұсыныс: мемлекет пен кейбір лауазымды тұлғалардың қызметін нақты айқындайтын заңнамалар, нормативтік актілер шығару керек. Ағашты жою үшін оның тек бұтақтарын ғана кеспейді, ең алдымен тамырын кеседі. Сол сияқты жемқорлықты жою үшін бірінші оған әкеп соғатын себептерін жою керек, сонда ғана жасалып отырған іс-шаралардың нәтижесі болмақ.

Жемқорлықтың алдын алу үшін бүтін бір ұлтты ауыстырып немесе өзгертудің қажеті шамалы, тіпті олай істей де алмаймыз. Жай ғана әр адам өзін өзгертсе, айналасындағы достары өзгереді, олардан бір отбасы, отбасыдан бүкіл бір ұлт өзгереді. Мұхамеджан Тазабек ағамыз «Өзгеруді өзіңнен баста» демекші, жемқорлықпен күресті әрқайсымыз өзімізден бастасақ, бір қоғамды өзгертіп жіберуге шамамыз жетеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бір ғана биліктің мақсаты емес, бүкіл қауымның мақсаты болу керек.

Әсемгүл МЫРЗАЛЫ,
ЮМ-16-1к6 тобының студенті

О статусе педагога

В каждом государстве сфера образования и науки выполняет особую функцию - подготовка молодежи, соответствующая современным требованиям времени. Чем больше внимания уделяется подрастающему поколению, ибо в век быстрого развития и внедрения новых технологий спрос на разностороннего педагога становится необходимо. Подготовка кадров советского времени доказало, что учителя среднего и средне-специального образования подготовили достойную смену, потому что во всех сферах кадры были специалистами своего дела. Но несмотря на это учителя всегда оставались скромными, добросовестно выполняющими свой долг. Помимо основной работы их всегда загружали разными общественными поручениями и все за спасибо. Так продолжалось пока в обществе не заговорили во весь голос о том, что учителя – это цвет нации, это будущее и если мы не повернемся лицом к педагогу, то действительно настанет духовный кризис, который может выразиться в упадке культуры, в деградации молодежи, невостребованности педагогической профессии, следовательно, закрытии ряда специальностей, дающих знания подрастающему поколению. И наше правительство своевременно отреагировало на эти проблемы.

Декабрь месяц 2019 года стал значимым для общественности, принятием документа «О статусе педагога». Особенно мне понравились пункты о дифференцированном подходе к учителю, контроль за привлечением педагога к видам работ, не связанных с его профессиональными обязанностями за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК, возложение на педагога обязанности приобретать товарно-материальные ценности для обеспечения учебного-воспитательного процесса за счет собственных средств – влечет предупреждение. В пункте 3 пишется «Для исчисления месячной заработной платы педагогов, осуществляющих профессиональную деятельность в государственных организациях образования, устанавливается нормативная учебная нагрузка в неделю: 1) 16 часов – для организаций среднего образования...» данное положение дает возможность сократить учебную нагрузку, чем в настоящее время, позволяющее заняться самообразованием.

Выступление Президента РК К.Токаева говорит о том, что настало время решить вопрос о статусе педагога, потому что без почта и уважения к учителю невозможно войти в 30 развитых стран мира. Ведь элементарно, учитель – это воплощение культуры, образования, этики, эстетики, профессионализма, самоотдачи, воспитания и конечно, любви к детям!

Документ о «О статусе педагога» принимается своевременно. ППС кафедры «Всеобщая история и музейное дело» полностью поддерживает закон «О статусе педагога» и надеется, что каждый из нас внесет свою лепту в реализацию данного проекта.

Н.Е.ТАЖМУХАНОВА
к.и.н., ст. преподаватель кафедры
«Всеобщая история и музейное дело».

Жастарға артқан үкілі үміт

Абай «Көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артты. Олардың жүрегін оятты. Білімге, ғылымға талаптануға үздіксіз үндеп отырды.

Абай өлеңдері, поэмалары, қара сөздері адам тағдырының жан-жақты қатпарларын ашып қана қоймай, кез-келген тығырықтан шығуды да көрсетіп береді. Айтайын дегеніміз, ұлы ақынның жастарға арналған өсиеті, кеңесі, сенімі болғандықтан, осы тақырыпқа жазылған өлеңдерін сарапқа салсақ дейміз. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі әрқайсымызға таныс, әрі оны Абай ақындығының зор идеясын бастаған өлең қатарына жатқызамыз. 1886 жылы ақынның қаламынан туған осы тақырыптағы толып жатқан тың өлеңдерді көреміз. Мәселен, жас буынға арналған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге» деген өлеңдері бүгінгі күннің жастарын да терең мазмұнымен, озыңқы ойымен баурай алады. Өз ортасының ақылды басшысы болған Абай өсер ұрпақтың сана-сезімі, рухани жан дүниесіне қозғау салып отырады. Парасаты, білімді, интеллектуалды азамат болмын деген жастар үшін жоғарыдағы өлеңдер сарқылмас қазына саналады.

«Интернатта оқып жүр» өлеңін оқып отырғанымызда, ақынның қоғам үшін қайғырып, оған қамқорлық жасап, талай қазақ баласының оқудағы мақсаты не болатындығын айқындап береді. Ол, әрине, халқына адал қызмет ету. Оған қол жеткізу үшін:

*- Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге, -
деп талаптануға, кітап оқуға шақырады.*

Қазақ баласының оқығандағы мақсаты не болу керек екендігін көзбен көріп, қолға ұстатқандай айта алған. Мақсаты халықтың керегіне жарау, ертеңіне еңбегімен, білімімен қызмет етуді айтып отыр. Дұрыс, өлеңде Салтыков пен Толстойлар да аталады. Өйткені олар да халық қамын жеген озық ойлы жан-дар. Солардан үйреніп, терең білім игеріп, үлкен азамат атанып, халқын сүйіп, елінің көркеюіне, дамуына қалтқысыз қызмет етуге дайын болып қалыптасатын тұлғаны іздейді.

Жастарға арналған өсиет өлеңінің ой жағынан көрнектісінің біреуі – «Ғылым таппай мақтанба». Бұл өлеңде ақын тереңге барып, көп ой қорытқан. «Ғылым таппай мақтанба»-ны бағдармалық өлең деп атауға да келеді. Адам бойындағы жарастық табанын қазына деп ғылымды жоғары қояды. Оған талпыну әрбір жігерлі жастың биік арманы болуға тиіс деп көрсетеді. Бұл ақынның өз дәуірі үшін ғана емес, осы күнде де шешуші



мәселе десек, артық айтпағандық болар. Гуманист ақын Абай жас буынға «бес нәрсеге асық бол», «бес нәрседен қашық бол» деп ұғындырады (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым, өсек, өтірік, еріншек, мақтаншақ, бекер мал шашпақ). Жамандықтан жирендіре отырып, жақсылыққа үндеген ақын адам болудың арлы жолын нұсқайды. Себебі Абай ойының түпкі қазығы - «Адам бол!». Осы бағыт-бағдар Абайша толық адам ілімінің негізі болып қаланады. Талапты жоғары қоя отырып, адалдықпен еңбек етіп, мақсатқа жету жолын меңзейді. Осы арқылы адамның әулиесі атануды армандады.

«Интернатта оқып жүр» өлеңі өзі үміт еткен өскелең, ойлы жасқа арналады.

Жас буынға арналған 1886 жылдың жемісі болған өлеңінің бірі – «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген ұзақ өлең. Бұл ақынның жастарға арналған татулық, достық мәселесін қозғайтын насихат өлеңі. Абай шыншыл, адамгершілікке сүйенген жастың достығын айрықша қадірлейді.

Өлең күншілдіксіз тату бол, қиянатшыл болма деп, болашақ өмірдің жастарына айтылатын ақыл-кеңес іспетті болып келеді:

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе бірідікің бірің жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!*

Шешендікпен, ақылгөйлікпен айтылған терең ой ұғамыз. Абайдың ағалық, ұстаздық ниетін оқыған жас қазір арамызда кездесіп қалатын араздық, жаулық атаулыдан аулақ болары анық. Ақын әрі қарай жолдастық, сұхбаттастықтың қадірін шексіз адам білмес деп қорытынды жасайды.

Абай ғылым мен білімге ұмтылып, алға қойған мақсатына жетуге табандылық көрсете алған жастың өнімді еңбегін де, асыл қасиеттерін де жоғары бағалайды. Гуманист ақын талантты өнер іздеген жан-дар туралы сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың өмірдің әрбір саласында жігерлілік таныта алуына үлкен сенім артады.

Талап пен ғылымды меңгеру тақырыбы Абай шығармашылығында бұрын-соңды болмаған шын мәнінде орасан зор әлеуметтік мазмұнға биіктенді. Еңбексүйгіштік, мақсатқа жету, кішіпейлділік, мейірімділік сынды өнегелі қасиеттерді келесіз жайттарға қарсы қойды. Ақын ғалым болу мен адам

болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра өрнектеді. Екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды ақын. Білімді болу үшін ақыл керектігін бәріміз де түсінеміз. Осы орайда айтарымыз – ағартушы Абай ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалағандығы. Ақылды, білімді адамдар әрқашан керек. Қоғамның дамуы, экономиканың өрлеуі, рухани мұрамыздың гүлденуі сондай жандарға тікелей байланысты. Ақынның ойынша, кемел адам болу үшін ақыл мен ыстық жүрек иесіне қайрат-жігер де керек. Сондықтан:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, -
деп ақын ақылдылық, танып-білудің қуаттылығы, жүректің сезімталдығы адамгершілік сезімінің жоғары сатысына көтеретіндігін аңғартады.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің өрнегі де, ойы да тым бөлек. Өлеңде қайрат пен ақылды айрықша қасиет ретінде айтады да, оларға адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік, қосылғанда ғана игі ниетке, зор мақсатқа жеткізеді деген ой түйеді. Өлеңнің басында білімді бол, ғылымды сүй, өмірді таны, жан-жақты өнерлі бол дегенді айтады. Әрі қарай:

«Сен де бір кірпіш дүниеге

Кемігін тап та бар қалан!» дегенін қалай түсінеміз? Ақын ұзаққа көз жіберіп, қолыңнан келгені ғана болып жүрмей, халқына пайдалы, елдің дамуына үлес қосатын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бәсекелес Отанның ұл-қыздары болындар дегенді айтады.

Ақылдылық, алғырлық, адалдық пен адамгершілік ажырамас бірлікте болсын дегенді басты қағида етіп ұстайды. Өз дәуірі үшін ғана емес, болашақ ұрпағына да даналықпен айтқан ақыл-кеңесі төмендегідей:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да қуғанға.

Әділет шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Өз заманының адамдарының да, жастардың да санасын өзгерту арқылы заманды түзетуге болады деп сенген ақын қоғамның кемшіліктерін жоюға тырысты. Біздің жастардың міндеті – ақылгөй, данышпан ақын Абайдың өлеңдерін оқу, білімді болу, өсиетін орындау, үміт ақтар ұрпағы болу, бұрышымызды абыроймен атқару.

**А.П. ДЖАХАЕВА, магистр, аға оқытушы,
Ү.Т. УРАЗБАКОВА,**

магистр, аға оқытушы, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасы

Жастарды ынталандыратын күш



Әлемдік музыка тарихында талантымен таң қалдырған бала композиторлар аз болмаған. Біздің елде де дарынды композиторлар өсіп келеді. Әлеуметтік желілерде сыртқы көрінісі нәзік, шағын денелі ғана жас музыканттың ғажайып аспапта авторлық шығармаларын орындап жатқан бейнежазбасын тамашалаған азаматтар, тіпті шетелдік мамандар да жылы лебіздерін, жағымды пікірлерін қалдырғаны бекер емес сияқты. Денис Теннің қазасы жас жүректі бей-жай қалдырмаса керек, «Аққан жұлдыз» вальсі туындысын жазыпты. Бұл

хабар журналистердің құлағына жетіп, көп ұзамай жас азаматпен сұхбаттасатын болған. Біршама уақыт өткенде кездесудің реті келіп, пианист көкірегін жарып шыққан туындыларын бар жан-тәнімен орындап, журналистерді өнерімен тәнті еткен. Теледидардан келген қонақтарды шығарып салғаннан кейін анасына қолының ауырып, пианино тарта алмай тұрғанын айтқан. Жарақатты таңу бөлімінде шынашағының сынғаны анықталыпты. Дәрігерлер баланың шыдамдылығына риза болыпты. Анасы Зулфия Бейсеқожаның айтуынша, Нүрәлі мектепте дене шынықтыру сабағында қолына доп тиіп, аздап ауырсынуды сезінген. Интервьюдің үзілгенін қаламағандықтан ауырғанын байқаппаған екен.

Бірінші сыныпта оқып жүргенде-ақ Қазақстан Композиторлары Одағының төрайымы Балнұр Қыдырбектің қолынан еліміздің ең жас композиторы деген диплом алған 13 жасар жас музыканттың репертуарында өзі шығарған 20-ға жуық тамаша композиция мен 10 шақты әндері бар (бір қызығы, Central Asia's Got Talent

шоуының сахнасында 70 шақты шығарма жазғанын айтып қалды). Айта кететін жайт, жас лирик А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық Қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатта (екінші аспабы фортепиано) скрипка класы бойынша білім алуға. Мұнда оның ағасы Елбасы кітапханасында Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған «Атадан мұра» күйін жүргізушілікке ұсынған Ғаламат Бейсеқожа да оқиды.

Шығармалары: «Анашым», «Балалық шақ», «Қазақ вальсі», «Аққан жұлдыз», «Жарқын болашақ», «Мектеп вальсі», «Көптен күткен кездесу», «Жыл мезгілдері – Қыс», «Жыл мезгілдері – Күз», «Махаббат», «Мәңгілік қоңырау», «Отан» (ән), «Менің Қазақстаным» (ән), «Атамекен» (ән), «Өмір өзен», «Гүлденген бақ», «Бақыт құсы», «Отбасы», «Достық», «Табиғат әлемі».

Бізге ағайынды Нүрәлі мен Ғаламат Бейсеқожаевтардың «Көшпенділер» атты туындысы өте қатты ұнайды. Нүрәлі Бейсеқожа Central Asia's Got Talent шоуында атақты фигурист Денис Теннің құрметіне бағышталған

«Аққан жұлдыз» шығармасын орындады. Жас виртуоздың шығармасы қысқа болса да, жарқын өмір сүрген Денис Тенді суреттейді. Журналистердің «Ғажайып туындыларды жазуға деген құлшыныс, шабыт қайдан келеді?» деген сұрағына жас жұлдыз: «Өзім де түсіндіре алмаймын. Кейде басыма әуен келе бастайды, кейде фортепианода ойнап отырып қалай музыкаға айналып кеткенін байқамаймын», - деп жауап беріпті. Нүрәлінің көкірегін жарып шыққан сөзбен бейнелеуге шама жетпейтін шығармалар жүректерге жетсе, еліміздің музыка мәдениетінің дамуына қосылған үлес болары анық.

Қазақ атын әлемге танытуды армандайтын жас азаматқа зор денсаулық пен табыстар тілейміз!

Ойланған адамға бұл жас дарынның шығармашылығы мыңдаған Қазақстан жастарын ынталандыратын күш!

**Х.Ж.СМАҒҰЛ,
педагогика және мәдениет факультеті
«Мәдени және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының оқытушысы**

ОҚМУ – Парасат мекені

Белгілі философ Ғарифолла Есім: «Парасаттылық – адамның өз жолын таңдай білуі», - дейді. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, адалдық мағынасында қолданылады. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салықалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттер тән. Көпті көрген, көп білетін азамат сөйлейтін әр сөзін ақыл таразысына салып айтады.



Жуырда «Парасат» басқармасы салтанатты түрде ашылды. Осы рәсім кезінде университет ректоры Дария Пернешқызы: «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Парасат» басқармасының мақсаты жастарға құқық бұзушылыққа төзбейтін, адамгершілік пен әдепке негізделген жолды таңдауға ықпал ету, үлгі көрсету», - деп атап өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қалалық департаменті басшысының бірінші орынбасары Талғар Әбдіәбіұлы «Оңтүстікте ЖОО арасында ең бірінші болып «Парасат» басқармасын ашып, жұмысын жолға қойып отырған университеттің бұл бағыттағы ісі - үлгі алуға тұрарлық іс», - деп пікір білдірді.

Басқарма қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлық көрінісінің белгілерін, ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау саласындағы университет қызметін көрсететін үдерістерге мониторингті ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды дайындау мен өткізуді бақылауды қамтамасыз ету;

- университеттің білім беру, тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінде қазіргі замандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен механизмдерді қолдануды қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы себептер мен жағдайларды уақтылы жоюға бағытталған іс-шараларды өткізу;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасын университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің ұсынымдарында қамтылған негізгі басымдықтарды университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас құру;

- «Ізгілік елшісі» жобасы бойынша түсіндіру, ұйымдастыру, үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру.

Басқарма құрамындағы «Адалдық алаңы» – тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жоба, «Саналы ұрпақ» - білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жоба, «Ізгілік елшісі» – жастарды мейірімділікке, әдептілікке, қайырымдылық көмекке шақыратын жоба.

Университет ректоры Дария Пернешқызы бастаған алғашқы «Парасаттылық дәрісі» жалғасын табуда. Қазіргі таңда басқарма білім алушылар мен магистранттар, докторанттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, Академиялық адалдық ережесін түсіндіру, насихаттау бағытында кездесулер өткізіп, жұмыс жасауда.



Меншік иесі: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Газета Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауезова

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998 ж.

Газета зарегистрирована в Министерстве информации РК (свидетельство № 451-Г) г. Астана, 10 ноября 1998 г.

Редакционная коллегия:

Қожамжарова Дария Пернешқызы - М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Нұрмамбетов Қайрат Әббекшиевич - Бірінші проректор

Бейсенбаев Садыек Қалмаханұлы - Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

Тілші: Мадина Сералиева

Көркемдеуші: Наилә Заббарова

Оператор: Танзила Ашимова

Фото: М.У. Хусаинов

«М-press» ЖШС баспаханасында басылған. Шымкент қ., тел.: 21 36 67, А. Байтұрсынов көш., 18.

Редакция мекенжайы:

Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб., тел.: 8 (7252) 30 08 40, gazet98@mail.ru

Тапсырыс

Таралымы 1500 экз.

Г.С. ДУЛАТОВА,

«Парасат» басқармасының басшысы м.а.,
құқық магистрі